

Ғылым мен білімді ұштастыру

Қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Инемен құдық қазғандай, күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл екені барлығымызға белгілі. Сондықтан білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған, еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды.

Егер адам ғылымға бар ынта-шынтасымен берілетін болса, онда идеялар жұмысының жалғасы болып келеді, өйткені ғылым бір зерттеу бағытының тар дәлізінде қамалып қалмай, үнемі ізденісте жүріп, жас ұрпақтарға тәрбие, білім бұлағы болады.

Осы мақсатта «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектеп іргесінде дәуіріміздің талаптарына сай «Бейорганикалық тұздар, өсімдіктерді қорғау және ынталандырығыштар» «Фитохимия», «Мұнай химиясы және композициялық полимерлік материалдар», «Силикат өнеркәсібін минералды шикізатпен қамтамасыз ету, асыл тастар мен негізгі материалдардың монокристалдарын синтездеу», «Озық металлургиялық технологиялар» ғылыми-зерттеу орталықтары ашылды. Бұл ғылыми орталықтарда 6B05120-Биотехнология мамандығында оқыту студенттер, 6B05320- Химия, 6B07220-Металлургия, 6B07190-Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы, 6B07160-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 6B07170-Органикалық заттардың химиялық технологиясы, магистранттар, рНД докторанттардың дипломдық және диссертациялық ғылыми жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді. Мұнда

теориялық тапсырмаларды шешу үшін, заманауи құралдар мен физика-химиялық, рентгенді-фазалық, электронды-микроскопиялық, т.б. модельдеудің апробацияланған әдістері пайдаланылады.

Бұл ғылыми-зерттеу орталықтарында белгілі ғалымдар Ш.М. Молдабеков, К.Т.Жантасов, Б.О.Есимов, осы ғалымдармен бірге белгілі В.М.Шевко, Б.К.Кеделбаев, А.А.Анарбаев, О.К.Бейсенбаев қызмет атқарады.

Бұл ғалымдардың еңбектері «Табиғи және техногенді екіншілік шикізатты қайта өңдеу инновациялық технологиясын жасау мен ұйымдастыру» бойынша ҚР ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Мұнда білікті профессор-оқытушы және ғалымдар шоғырланған.

Ғылымға құштар білім алушылар және бакалавриаттан кейін білімін жоғарылату үшін аталған кафедраларда магистратурамен рНД докторанттар қызмет атқарады, дәрістерді жоғары білікті, білімді, ғылыми және практикалық тәжірибелері мол, өндірістерде қызмет атқарған техника ғылымдарының докторлары, кандидаттары мен аға оқытушылары өткізеді.

Жастарды жоғары оқу орнымызға аталған мамандықтар бойынша білім алуға шақырамыз, бірінші курстан кейін әскери кафедрада білім алуға мүмкіндік бар. Жоғарыда аталған мамандықтар бойынша магистратура, докторантурада білім алуға болады және оқу жүйесі үш тілде жүргізіледі. Академиялық ұтқырлық бойынша білім алушы түлектер шет елдердегі алдыңғы қатарлы оқу орнында білім алуға мүмкіндіктері бар. Қазіргі төтенше жағдайда білім алушылар, педагогтар мен қызметкерлер өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында қашықтықтан оқытуға толық көшіп, дәрістер онлайн тәртібімен жүргізіліп отыр.

Қ.Т. ЖАНТАСОВ,

М.Әуезов атындағы ОКМУ-дың

т.ғ.д., профессор,

Н.К. САРЫПБЕКОВА, х.ғ.к., доцент